



# Ақмешіт

2 маусым  
сейсенбі  
№41 (2253)  
2026 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### ЖАҢА НЫСАН

Халықаралық балаларды қорғау күнінде Президент саябағы аумағында орналасқан Ботаникалық бақ пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының қолдауымен салынған жаңа нысан өңірдің экологиялық болмысын жаңғыртуға бағытталған бірегей жоба.



### БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Жаңа бақ аймақтың экологиялық мәдениетін көтеріп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған маңызды нысан болмақ. Бұл орталық қаланың келбетін көркейттіп қана қоймай, табиғатпен тілдесіп, жан тыныштығын табуға мүмкіндік беретін ерекше кеңістік қалыптастырады.

Салтанатты шараға облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Облыс әкімі Мұрат Нәлжолжаулы салтанатты шарада балаларды мерекелендіріп, Ботаникалық бақ жұмысы жеткініштердің тиімді демалысын ұйымдастыруға және тын жобаларды жүзеге асыруға бағытталғанын атап өтті.

– Баршаңызды 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бала – біздің басты байлығымыз. Білімді, дені сау, ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың ортақ парызымыз. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ұл-қыздарымыздың

парасатты, жан-жақты болып өсуіне жағдай жасау, жас азаматтарымыздың құқығын қорғап, денсаулығын сақтау – мемлекетіміздің басты міндеті», – деген болатын. Президент саябағының аумағынан ашылған Ботаникалық бақ – осы ауқымды бастаманың аймағымыздағы нақты әрі жемісті көрінісі. Бақ ішіне Қытай, Оңтүстік Африка, Жапония, Оңтүстік және Орталық Америкада өсетін жасыл желек егілді. Осы арқылы жас жеткіншектерге өсімдіктердің экожүйедегі маңызы түсіндіріледі. Бұл жай ғана балалар серуендейтін саябақ емес, табиғат пен ғылымды ұштастыратын, экологиялық мәдениетті қалыптастыратын кофунционалды кешен болмақ. Балаларымыз осы жерде табиғатпен тілдесіп, эко-жауапкершіліктің, еңбекқорлықтың шынайы үлгісін көреді. Осы бақтан біздің аймақтың ғана емес, бүкіл еліміздің экологиясын зерттейтін болашақ ғалымдар, биологтар мен агрономдар шығады деп сенеміз, – деді аймақ басшысы.

2-БЕТТЕ

### АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

## АҚСУАТ ТҰРАҚТЫ ДАМУ ЖОЛЫНДА

Ауыл – әр азаматқа қымбат киелі мекен, алтын бесік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Ауыл – ел бесігі. Ауылдағы жағдайды жақсарту алмасак, бәрімізге сын» екенін атап өтіп, ауылдық аумақтарды дамытуға ерекше мән беріп, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған нақты тапсырмалар жүктеді. Осы орайда қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округінде жүзеге асып жатқан жобалар, инфрақұрылымның дамуы, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер, ауыл тұрғындарының әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар туралы ауыл әкімі Нұрболат Бақытовпен сұхбаттасқан едік. Қалаға іргелес орналасқан Ақсуат ауылдық округінде жергілікті жұрт өзін-өзі жұмыспен қамтып, берекелі еңбек етуде. Ауыл халқының саны күннен күнге көбейіп, жаңадан көшіп келгендер бар. Соңғы жылдары аталған округтің келбеті жаңаша өзгеріп, дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Жергілікті әкімдік пен тұрғындардың бірлесіп атқарған жүйелі жұмысының нәтижесінде елеулі өзгерістер орын алды. Сұхбат барысында ауыл әкімі елді мекеннің бүгінгі тыныс-тіршілігі, тұрғындардың өзекті мәселелері және алдағы даму бағыттары жөнінде кеңінен айтып өтті.



– Ақсуат ауылдық округінде соңғы жылдары қандай өзгерістер орын алды? Бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы қандай?

– Ақсуат ауылдық округіне 1 елді мекен Жақыпбек Маханбетов ауылы кіреді. Ауылдық округтің бүгінгі қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты. Ауылда атқарылған

айшықты істер бар. Тұрғындардың тұрмысын көтеру үшін қолға алынған ауқымды жобалардың арқасында округтің келбеті ажарланып, абаттандырылды. Ауылдық округ жылдан жылға кеңейіп, көркеюде деп айтуға болады. Таза ауылға айналды.

3-БЕТТЕ

### 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

## ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТҰМАРЫ



«Ұлт рәміздері – тәуелсіздігіміздің киелі бойтұмары. Елтаңба, Ту және Әнұран – мызғымас мемлекеттігіміздің белгісі. Қастерлі нышанымыз Қазақстанның егемен ел, еңселі жұрт екенін жер жүзіне әйгілейді. Байрағы биік елдің рухы асқақ болады. Сондықтан біз осы мейрамға орай жыл сайын көк Туымызды биікке көтереміз. Бабаларымыз «Туыңды тік ұста!» деп өсиет қалдырды. Осы аманатқа адал болу – баршаға ортақ парыз. Бүгінде көк байрағымыз қастерлі Отанымыз – Қазақстанның бейбіт аспанында желбіреп тұр. Оны кейінгі ұрпаққа табыстау – қасиетті борыш», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, қазір көк Туымыздың беделін бүкіл әлем

мойындайды. Байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының төрінде тұр. Оны альпинистеріміз жер шарындағы ең биік шыңдарға көтерді. Спортшыларымыз талай мәрте жеңіс тұғырына шығарды.

Мемлекет басшысының осы сөздерін қазақстандықтардың барлығы жүрек түкпірінде сақтап, әркез жадында ұстағаны жөн. Өйткені рәміздер елдің өзіндік өмір салтын, болмыс-бітім ерекшелігін, өзгелермен байланыс орнату мұратын білдіретін айрықша белгі. Еліміздің тұңғыш рәміздері – Ту мен Елтаңба тәуелсіздігіміздің жариялануының дәл 130-шы күні, яғни 1992 жылдың 4 маусымында қабылданды. Ал Әнұран мәтіні сол жылдың 11 желтоқсанында бекітілген.

2-БЕТТЕ

## ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ҚЫЗЫҒЫ

Қалалық білім бөлімінің ұйымдастыруымен 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мектеп жанындағы күндізгі лагердің ашылу салтанаты өтті.



Қызылжарма ауылында орналасқан №295 «Келешек мектебінде оқушыларға арналған «Жазғы time» лагері өз жұмысын бастады. Шараның ашылуына қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұрқанат Амантаев қатысып, бүлдіршіндерді мерекелендіріп құттықтады.

– Сіздерді Халықаралық балаларды қорғау күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, оқуда озат, шығармашылық табыс пен жарқын жетістіктер тілейміз. Әрқашан ата-аналарыңыздың қуанышы, еліміздің мақтанышы болып өсе беріңіздер. Балалық шақтарыңыз

бақытқа, мейірімге және қызықты сәттерге толы болсын! Қалалық білім бөлімінің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – балалардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтуын ұйымдастыру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Жазғы демалыс кезеңінде 70802 оқу-

шының бос уақытын тиімді ұйымдастыру жоспарланады. Оның ішінде, мектеп жанынан жұмыс істейтін 61 жазғы тынығу лагеріне 7230 бала қамтылады. Қала сыртында орналасқан 2 лагерь мен орталықтарда 4 ауысымда 1564 бала демалады, – деді Нұрқанат Ақылбайұлы.

2-БЕТТЕ

### МӘСЕЛЕ

## КЛИМАТ ӨЗГЕРІСІ ШЕГІРТКЕЛЕРДІ КӨБЕЙТІП ОТЫР

Кейінгі жылдары климаттық өзгеріс, әсіресе ұзаққа созылған қуаныштық салдарынан оңтүстік өңірлерде шегіртке саны айтарлықтай көбейді. Мұндай жағдай алдымен егіс алқаптарына зиян келтіріп, шаруаларды шығынға батыруда. Мамандар зиянкестермен күрестің жаңа әдісін іздеу керек десе, шаруалар дезинфекцияны кешенді жүргізуді сұрап отыр.



### ШАРУАНЫ АЛАНДАТҚАН МӘСЕЛЕ

Қызылордалық жасікер Файзолла Қайруллаевтың егіс алқабы 10 жылдан астам шегірткеден зардап шегуде. Ол – жыл сайын республикалық және жергілікті БАҚ-та зиянкестермен күресті дамытуды насихаттап жүрген шаруалардың бірі.

– Бізде 1400 гектар жер бар. Жылда соның бәрін үйірлі шегіртке отап өтеді. Көбіне Қостанай жақтан келеді. Құжынаған шегірткеге қарапайым шаруаның еш қарсы амалы жоқ. Қолмен ұшпашымызбен одан келетін пайда аз. Оның үстіне шегірткенің көлемін болжап білмегесін қанша көлемге еу себілетіні де белгісіз. Мысалы, өткен жылы мемлекет тарапынан дезинфекцияға бөлінген у жетпей қалды, – дейді Файзолла Қайруллаев.

2-БЕТТЕ



Айбек ҚОСАН,  
журналист, балалар жазушысы:

## БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ РУХАНИ ІРГЕТАСЫ

– Балалар әдебиетіне келуіңізге не себеп болды?  
– Балалар әдебиетіне келуім саналы түрде жасалған қадам әрі әжілік, азаматтық жауапкершіліктен туған шешім. Өз балаларыма қазақша сапалы, мағыналы әрі заманауи кітап іздегенде, нарықта үлкен рухани вакуум бар екенін сезіндім. Біз балаларымыздың санасын шетелдік контентке беріп қойдық. Бұған бей-жай қарау мүмкін емес. Ертегі жанрын таңдаудағы басты миссия баланың жүрегіне мейірім мен ізгіліктің дәнін егу. Ертегі – бала тіліндегі ең қуатты философия. Менің миссиям – бүгінгі цифрлық заманда өсіп келе жатқан қазақ баласына тек ермек емес, өмірлік қиындықтарда бағдаршам болатын, ұлттық ділі мен адами құндылықтарын сақтайтын рухани қорған тұрғызу.

4-БЕТТЕ

### Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»  
ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүзінде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

## БОТАНИКАЛЫҚ БАҚ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ



Салтанатты шарада білім беру саласының дамуына елеулі үлес қосқан ұстаздар мен жана нысан құрылысын мерзімінде аяқтаған мердігер мекеме қызметкерлері облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Ботаникалық бақ – экологиялық танымды, туризмді дамытуға және жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған заманауи көп-функционалды кешен. Жалпы ауданы 1500 шаршы метр болатын екі жылыжайға Африка, Оңтүстік Америка, Австралия, Жапония, Қытай және Мадагаскар сияқты әлемнің әр аймағынан 92 түрлі 3300-ден астам өсімдік егілген. Веерлі пальма, Канар құрмасы, кактус пен алоэ, Вашингтония пальмасы, стрелиция, жакаранда, алып юкка, мақта ағашы, бамбук, сәндік өсімдіктер, кариота жайқалып тұр. Бұл өсімдіктер гүлдегенде хош иісін аңқып, қызғылт сары, көгілдір, күлгін сияқты алуан түске боялады. Өсімдіктерге қолайлы жағдай жасау үшін микроклиматты автоматты басқару, суару және су дайындаудың заманауи инженерлік жүйелерімен жабдықталған.

Ботаникалық бақ өсімдіктердің бірегей түрлері өсетін орын ғана емес, экологиялық мәдениеттің, білім берудің және ішкі туризмнің дамуына қызмет ететін, аймақ тұрғындары мен қонақтары жиі бас қосатын мекенге айналады. Мұнда студенттер, мектеп оқушыларының, табиғат жанашырларының танымның кеңейтуге барлық жағдай жасалған. Ботаникалық бақ – тек демалыс орны ғана емес, болашақ ұрпаққа табиғатты аялаудың маңызын ұғындыратын тағылымды орын болмақ.

«Ақмешіт-ақпарат»

Суретті түсірген  
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

Басы 1-бетте



## ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ КИЕЛІ БОЙТҰМАРЫ

Елтаңба, Ту және Өнұран жобаларын жасауға конкурс жарияланып, оған 600-ден астам адам қатысқан. Мемлекеттік ту эскиздері бейнеленген шығармашылық еңбектер өтінімі 1200-ді құраған. Сондай-ақ конкурсқа болашақ Елтаңбаның 245 сурет жобасы мен 67 суреттемесі және Өнұранның 750 нұсқасы ұсынылған. Өнұран мәтініне жекелеген түзетулер енгізілді. Термин сөздердің қазақ тілінде пайдалануына баса назар аударды. Соның нәтижесінде «елтаңба», «әнұран», «рәміз» сөздері бүгінде кеңінен қолданылып жүр. Содан бергі кезеңде Қазақстанның мемлекеттік туы олимпиадалар мен түрлі халықаралық спорт жарыстарында талай мәрте желбіреп, Өнұран талай мәрте ойналды. Көк Туымыз ғаламшардың ең биік шыңдарына да, Арктика мен Антарктидаға да, тіпті ғарышқа да тігілді.

Рәміздер арқылы Қазақстанды бүкіл әлем таныды. Өйткені онда қазақ халқының бастан өткізген тарихы, мәдениеті мен дәстүрі көрініс береді. Жастардың отансүйіштік сезімін оятады,

патриотизмге үндейді, батылдылық тәрбиелейді. Қазіргі кезде еліміздің Өнұранының мәнін білмейтін жан кемде-кем. Ол – үздіксіз насихаттың жемісі.

Рәміздер балабақшаларда да, мектептерде де, жоғары оқу орындарында да, мемлекеттік мекемелердің ғимаратындағы көрнекті орынға илінген. Балабақша бүлдіршіндері оң қолының алақаннан жүрек тұсына қойып «Менің Қазақстанымды» шырақанда, жастардың өз Отанын, өз жерін, өз елін қорғауға деген сезімін оятып, сенімін нығайтатыны анық.

Өнұраным жігерімді жанды, Қазақ елін бүкіл әлем таныды. Гүлдендірді, түрлендірді жерімді, Елін сүйген азаматтар жаны игі.

Елтаңбам мен елдігімді бәрі ұққан, Айналайын қазақ деген халықтан. Күн бейнелі шаңырағым нұр шашып, Уықтары бірлігімді танытқан.

Шынында, егемен елдің бағына бірлігіміз мызғымас, Өнұранымыз шырқалып, Көк туымыз желбірей берсін.

Елтаңбам мен елдігімді бәрі ұққан,

Айналайын қазақ деген халықтан.

Күн бейнелі шаңырағым нұр шашып,

Уықтары бірлігімді танытқан.

Шынында, егемен елдің бағына бірлігіміз мызғымас,

Өнұранымыз шырқалып, Көк туымыз желбірей берсін.

Басы 1-бетте

Гауһар АСҚАРҚЫЗЫ



## ЖАЗҒЫ МЕКТЕП ҚЫЗЫҒЫ

Айта кетейік, «Қазақстан халқына» қорының демеушілігімен Түркістан облысы, Төле би ауданы, Біркөлік елді мекеніндегі «Қуаныш» лагерінде 200 оқушы, демеушілер мен кәсіподақтар есебінен жобаман 200 ден аса оқушы тынығатын болады.

«Келешек» мектебіндегі күндізгі лагерде балалар домбыра, шахмат, футбол, сурет салу, IT бағыты бойынша үйірмелермен қамтылады. Лагерь тек тынығатын орын емес, жаңа достар тауып, пайдалы да қызықты уақыт өткізетін орта. Лагерьдің алғашқы күнінен-ақ балалар көтеріңкі көңіл күймен түрлі іс-шараларға белсенді қатысты. Мектеп жанындағы лагерь 1 ай күндізгі ауысым мен әр топқа 15 оқушыдан жинақтап, түрлі шығармашылық жұмыстармен айналысады. Әр топ пен үйірмелердің жауапты өз жетекшілері тағайындалған. Балаларға футболдан, шахматтан, сурет салудан, робототехника жұмыстарымен айналысудан үйірме жетекшілері оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бар күш-жігерін жұмсауда. Әсіресе робототехника мен ұлттық өнерге арналған үйірмелер балалардың ерекше қызығушылығын тудырған.



Қаламыздағы білім беру ұйымдары балғындардың демалыс кезеңін қызықты өткізу үшін барлық жағдай жасауда. Жыл өткен сайын оған айрықша көңіл бөлініп келеді. Соның дәлелі ретінде лагерьлерде демалатын оқушылар саны артқанын айтуға болады.

Қалалық білім бөлімінің деректеріне сүйенсек, маусым айынан бастап демалыс орындары балдырғандарға есігін айқара ашады. Атап айтқанда, 9 мектепте киіз үй лагерьлер ( этно лагерь) – 305 оқушы, 18 мектепте шатырлы лагерьлер – 788 оқушы, аула клубтарында – 5161 оқушы, экскурсия, музейге саяхатқа – 10206 оқушы, дебаттық лагерь бойынша – 1269 оқушы, 17 мектепте күндізгі спорттық лагерьлерде – 1110 оқушы демалады. Көркейтү, көгалдандыру лагерьі бойынша – 3402 оқушы, облыстан тыс лагерьлерге – 957 оқушы, ата-анасымен бірге – 22456 оқушы, оқушылар үйі және өнер мектебінде жазғы үйірмелерде – 4701 оқушыны оқыту жоспарлануда.

Жазғы лагерь баланың өзін-өзі дамытып, алаңсыз демалуына жағдай жасайды. Мұндағы әрбір бала түрлі іс-шараларға қатысып, ой-өрісін дамытып, талай танымдық дүниелермен танысады. Сондықтан да балалар үшін жақсы демалыс ұйымдастыру – бүгінгі күннің басты міндеті. Ал демалыстың мәнді өтуі мәнді өтуі – білімге деген құлшыныстың бастауы екені сөзсіз.

Аружан АЙТМАҒАНБЕТ,  
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің  
1 курс студенті

Басы 1-бетте

Суретті түсірген Н.НҮРЖАУБАЙ

## КЛИМАТ ӨЗГЕРІСІ ШЕГІРТКЕЛЕРДІ КӨБЕЙТІП ОТЫР

Шаруаның айтуынша, алдымен өңірде қандай үйірлі шегіртке жүргенін анықтау керек. Себебі әр зиянкестің түріне қарай себілетін қарсы дәрілер әртүрлі.

– Өткен жылы егіс науқанының алғашқы кезеңінде сепкен удан еш әсер болмады. Кейін қосымша өзге дәріні араластырып сепкен уақытта ғана азайды. Сол аралықта өзім тұратын Арал ауданының барлық өңіріндегі алқаптарда шегіртке қаптады. Тек Жіңішкекүм ауылының аумағында ғана ең аз шығын болған секілді. Егін бар кәсіпкерлер алдымен шегірткенің түріне қарай шара қолданса деп ойлаймыз, – деді кәсіпкер.

Шаруаларды шаш-етектен шығынға батырып отырған қандай зиянкестің? Қазақстанда шегірткенің 270-тен астам түрі тіршілік етеді, олардың шамамен 25-30-ы ауыл шаруашылығы дақылдарына үлкен зиян келтіре алатын зиянкестер қатарына жатады. Соның ішінде ең үлкен қатер төндіретіндері – үйірлі шегірткелер, нақтырақ айтсақ, үш түрі: италиян шегірткесі, азиялық көшпелі және марокко шегірткесі.

БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының (FAO) мәліметінше, өткен жылы жазда марокко шегірткесі Орталық Азияның барлық еліне қауіп төндірген. Ал италиян шегірткесіне қатысты жағдай аймақ елдерінің көпшілігінде күрделі. Азиялық көшпелі шегіртке ел аумағында тіршілік циклі мен өсіп-өнуі әлі де жалғасып жатыр.

### Шегіртке неге көбейді?

Эколог-сарапшы, ғалым Қанат Ахметов шегірткенің көбеюіне бірнеше себеп барын айтады. Бастысы, климат өзгерісі екен.

– Шегіртке қалташа жұмыртқаласын топыраққа салып кетеді. Сол топырақтағы жұмыртқаларға көктемде қар суы, жазда жауын тимесе, жұмыртқадағы шегірткелер тірі қалып, шығып кетеді. Яғни, климаттың өзгеруі салдарынан қыста қар аз түссе, жазда жауын-шашын аз болса, шегіртке көбейеді деген сөз, – дейді ғалым.

Оның пайымдауынша, қуаңшылықтың екі-үш жыл қатарынан созылуы шегірткелердің жұмыртқаларының сол күйі сақталуына әсер етеді. Сондай-ақ климат әсерінен күннің күрт жылыуы топырақ температурасын көтеріп, зиянкестерге жайлы орта қалыптастыруда. Шегірткенің жұмыртқаларына жайлы орта болса, одан дернәсілдер пайда болады. Олар ұша алмайды, ересек шегірткеге айналғанша жаяу жүреді. Бірақ тез тарала алмағанымен, көбеюге қауқарлы және кейін қанат біткенде үйірлі шегірткеге қосыла алады. Дернәсілдер алдына кездескен өсімдіктің бәрін жеп кетеді. Енді шығып келе жатқан дәнді дақылдардың жапырақтарына дейін құртады, дақылдарды толық жояды.

Басы 1-бетте

Жалпы шегірткенің көбеюі климаттың өзгерісі одан әрі ұшықтырмақ. Себебі жолындағы өсімдікті жайпаған зиянкестердің соңында тек құрғақ жер қалады. Ол кейін топырақтың эрозиясына әкеледі екен.

– Топырақ эрозиясы күшейді дегенше құмды боран белең алады дей бөріңіз. Салдарынан ауа райы құбылып, экологиялық зардап күшеюі ықтимал. Оның үстіне боран тұзды аймақтардағы тұздарды ұшырса, одан әрі зардабын тартамыз. Қазіргі жаһандық климаттың өзгеріс жағдайында кез келген есер етуші факторға мұқият болған жөн, – дейді эколог Қанат Ахметов.

бұл у бунақденелі жәндіктердің бәріне әсер етеді. Дезинфекциялаудың кезінде экожүйені сақтауға көмектесетін қоңыз, көбелек, аралар да қырылуы мүмкін әрі жәндіктердің қоректену тізбегі бұзылады.

Сол себепті дезинфекция кезінде тек шегірткелерді тежейтін биологиялық әдіс жақсы.

– Биологиялық пестицид ең тиімді деп айтар едім. Өйткені ол тек тұрақтанатын шегірткелерге (ред.) ғана әсер етеді, өзге жәндіктерге келтіретін зияны аз. Мұны түсіну үшін биологиялық пестицидтерді әзірлеу технологиясын қарау маңызды. Бүгінде мұндай ұларды саңырауқұлақшалардан немесе бактерия-

облысы да қалыс қалмады. Сонда байқағанымыз, шегірткелердің дернәсіл кезінде, әлі қанаттанбаған шағында шегіртке жүретін жолдарға ұзын ор қазатындық. Кейін ол орға от қойып, түскен шегірткелерден құтылып отырдық. Бұл – халықтық әдіс. Қазір де осы тәсілді қолдануға болады, – дейді Қанат Ахметов.

Қазір егін науқаны қызып тұр. Жер-жерде шегірткелердің ошақтары анықталып, химиялық және биологиялық өңдеу жұмысы қарқын алууда. Мысалы, Алматы облысында – 1,8 млн гектар, Жетісу облысында – 133,4 мың, Атырау облысында – 114 мың гектар, Батыс Қазақстан облысында – 455 мың гектар жер өңделіп. Ал жыл сайын шегірткеден ең көп зардап шегетін өңір – Қызылорда облысында да жұмыс қарқынды. Мұнда биыл зиялық шегірткеге қарсы 33 350 гектар, италиялық прусска қарсы 31 830 гектар, саяқ шегірткеге қарсы 55 540 гектар жер өңделді.

Оған қоса Өзбекстан, Ресей, Қытай секілді шекаралас елдермен шекаралас аумақтарда шегірткелердің көшуін бақылау бойынша бірлескен мониторинг және зерттеу жұмыстары жүргізіліп болды. Әсіресе Ресей және Өзбекстанмен шекаралас аймақтарда «буферлік зоналар» құрылмақ.

### Жаңа технология жолы

Мамандар шегірткелердің тұрағын, түрін зерттеуге ерекше көңіл бөлу қажет деп санайды. Ұшқыссыз аппараттар адам мен техника бара алмайтын қиын жерлерді, яғни қалың қамыс, таулы аймақты суретке түсіріп, зиянкестердің тығыздығын анықтайды. Сонымен қатар дрондар ультратөмен көлемді бұру (УНВ) арқылы химиялық препараттарды өте дәл сеуіп, пестицид шығынын 30-50%-ға дейін үнемдеуге мүмкіндік беруі ықтимал.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің ақпаратына сүйенсек, бүгінде зиянкестерге қарсы күрес маусымына дайындық аясында ұшқыссыз ұшу аппараттары паркін әзірлеу жұмыстары толық аяқталған.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығы алқаптарына мониторинг жүргізетін «Фитосанитариялық қауіпсіздік және болжамдар әдістемелік орталығының» техникалық парк айтарлықтай кеңейді. Мәселен, былтыр орталық 2024 жылдың соңында сатып алынған 7 дронды пайдаланса, 2025 жылдың желтоқсанында қосымша 50 құрылғы сатып алған.

Осылайша, қадағалау барысында 57 ұшқыссыз ұшу аппаратын пайдалану маусымына дайындық деңгейін айтарлықтай арттырып, фитосанитариялық қауіптерге тиімді әрі жедел әрекет етуге жол ашпақ.

Думан КЕЦШЛІК

**БИЫЛ ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛЕДІ**

**2,2 МЛН ГЕКТАР**

жерді шегірткеге қарсы өңдеу жоспарланған

МАҚСАТ:

Егістікті шегіртке зиянкестерінен қорғау және өнімді сақтау

ДРОНДАР МЕН АРНАЙЫ ТЕХНИКАЛАР ҚОЛДАНЫЛАДЫ

ЕГІСТІК АЛҚАПТАРЫН ҚОРҒАУ – БАСТЫ НАЗАРДА

ӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БІРНеше ӨНІРДЕ ЖҮРГІЗІЛЕДІ

ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙТІЛЕДІ

### Шегірткемен күрес тәсілдері тиімді ме?

Шегірткенің таралу аумағы 2022 жылдан бастап ұлғайып, 2024 жылы ең жоғары деңгейге жеткен болатын. Тек өткен жылы жағдай қалыпқа келе бастады. Биыл үкімет шегірткеге қарсы 2,2 млн гектар жерді өңдеуді жоспарлап отыр.

Осы орайда «шегірткемен күрес қалай жүреді?» деген сұрақ туындайтыны анық. Қазір көбіне шегіртке қарсы екі түрлі у қолданылады. Бірі – биологиялық, екіншісі – химиялық. Қос амалды тиімділігі мен зиянына қатысты ғалымдардың көзқарасы әрқилы.

Мысалы, ғалым Қанат Ахметов химиялық пестицидтерді қолдану кезінде абай болу керек деп санайды. Өйткені

лардан жасайды. Мысалы, ғалымдар ауырған шегірткенің үстінен ауру туғызған саңырауқұлақшаларды немесе бактерияларды алады, кейін алынған биоматериалдар жасанды жолмен көбейтіліп, оны пестицидке айналдырады. Айттып өткеніміздей, көбіне мұндай тәсілмен әзірленген у тек тұрақтанатынларға ғана әсер етеді. Бастысы, шегірткелердің шоғырланған жерін, олардың түрін, маусым жайын ескеру керек, – деді ол.

Қазір әлемде шегірткелерді 100 пайыз жоятын пестицидтер бар, соларды импорттау керек. Сонымен қатар шегірткемен күресте халықтық әдістер де кең қолданылып келеді.

– Әкем 45 жыл агроном болып қызмет істеді. Әкемнің жанынан қалмай, шегірткемен күресті бақылап өстім. Кенес кезеңінде егін көп салынды, Павлодар



Айбек ҚОСАН, журналист, балалар жазушысы:

# БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТИ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНЫҢ РУХАНИ ІРГЕТАСЫ

– Баланың дүниетанымын қалыптастыруда жазушының жауапкершілігі қандай болуы керек?

– Жазушының жауапкершілігі сәулетшінің еңбегімен тең. Бірақ біз тастан үй тұрғызбаймыз, біз адамның ішкі әлемінің, болашақ тұлғаның сәулетшісіміз. Баланың санасы тап-таза ақ қағаз. Оған түскен әрбір сөз, әрбір бейне өмірлік із қалдырады. Үлкендерге арналған шығармада қателессеніз, оқырман сізді жай ғана түсінбеуі мүмкін. Ал балалар әдебиетіндегі қателік ұрпақтың талғамын улаумен тең. Сондықтан жазушы әр сөздің салмағын сезініп, баланы алдамай, оның тазалығына нұқсан келтірмейтіндей асқан жауапкершілікпен қалам тербеуі тиіс.

– Егер бүгінгі қазақ баласына бір ғана ой қалдыру мүмкіндігі берілсе, сіз олардың санасына қандай алтын қазықты аманат етер едіңіз?

– Шынайы достық пен таза мейірім дүниедегі кез келген материалдық байлықтан, алтыннан да қымбат. Қазіргі прагматикалық, бәсекеге толған заманда балаларға жетіспейтіні осы. Егер бала адамгершілікті, адалдықты және айналасына қамқор болуды ең басты құндылық деп түсінсе, ол ешқашан адаспайды. Осы алтын қазық оның өмірлік бағдарына айналуы керек.

– Сіздің шығармаларыңызда тәрбиелік ой табиғи түрде беріледі. Балаларға ақыл үйретпей, дидактикаға ұрынбай ой салудың, оқырманмен тең дәрежеде сөйлесудің құпиясы неде?

– Құпиясы өте қарапайым. Балаға жоғардан төмен қарап, ақыл айтып, бүгінгі бала дидактиканы, «мұны істеу керек, мұны істемеу керек» деген құрғақ бұйрықтарды қабылдамайды. Мен олармен тең дәрежеде, сырлас досы ретінде сөйлесуге тырысамын. Мәселені кейіпкердің іс-әрекеті арқылы көрсетемін. Мысалы, кішкентай тиын мен дана үкінің арасындағы қарым-қатынас, олардың қателіктері мен содан шығарған қорытындылары балаға «дайын өнім» ретінде ұсынылады. Бала оқиғаны оқи отырып, шешімді өзі қабылдайды, кейіпкермен бірге өседі. Мен жай ғана бағыт берушімін.

Басы 1-бетте

– Сіздің кейіпкерлеріңіз көбіне шынайы әрі өмірге жақын келеді. Олардың прототиптері нақты өмірден алынған ба, әлде бұл балалық шаққа деген сағыныштан туған қиял жемісі ме?

**Ұлттық болмысты сақтау – өміршеңдік мәселесі.**  
Бірақ мұнда үлкен бір мәселе бар: ұлттық құндылықтарды балаға тек этнографиялық жәдігерлер (киіз үй, торсық) арқылы ғана тықпалай берсек, ол гаджет заманының баласына жат көрінуі мүмкін. Қазақы рух дегеніміз – табиғатты аялау, үлкенді сыйлау, сөзге тоқтау, адалдық пен қонақжайлылық. Міне, осы кодтарды біз қазіргі баланың тілінде, динамикалық сюжеттермен беруіміз керек. Смартфон ұстаған бала да достықтың қадірін, табиғаттың (мысалы, бұлақтың, көктемнің) мұңын түсіне алады. Тек онымен оның өз тілінде сөйлесуі қажет.

– Бұл екеуінің синтезі. Бір жағынан, мен күнделікті өмірді, өз балаларымның мінез-құлқын, олардың достарымен қалай тіл табысатынын жіті бақылаймын. Олардың бүкпесіз эмоциялары, реніштері мен қуаныштары нағыз прототиптер. Екінші жағынан, әрбір шығармада менің өз балалық шағымның жылуы, сол кездегі аңғал сезімдер мен армандар бар. Кейіпкерлер орман жануарлары болғанымен, олардың бойында бүгінгі біз көріп жүрген шынайы адамдардың сипаты мен мінезі бар.

– Балалар әдебиетінде ұлттық болмысты сақтау қаншалықты маңызды?

– Ұлттық болмысты сақтау – өміршеңдік мәселесі. Бірақ мұнда үлкен бір мәселе бар: ұлттық құндылықтарды балаға тек этнографиялық жәдігерлер (киіз үй, торсық) арқылы ғана тықпалай берсек, ол гаджет заманының баласына жат көрінуі мүмкін. Қазақы рух дегеніміз – табиғатты аялау,

үлкенді сыйлау, сөзге тоқтау, адалдық пен қонақжайлылық. Міне, осы кодтарды біз қазіргі баланың тілінде, динамикалық сюжеттермен беруіміз керек. Смартфон ұстаған бала да достықтың қадірін, табиғаттың (мысалы, бұлақтың, көктемнің) мұңын түсіне алады. Тек онымен оның өз тілінде сөйлесуі қажет.

– Қазіргі қазақ баласының қиялы мен қызығушылығы бұрынғы буыннан несімен ерекшеленеді деп ойлайсыз? Бүгінгі оқырманның талғамымен қалай есептесесіз?

– Бүгінгі буын клиптік ойлау жүйесі қалыптасқан, ақпаратты өте жылдам қабылдайтын визуализаторлар. Олар ұзақ сипаттамаларды, созылмалы сюжеттерді оқымайды. Қиялы ұшқыр, себебі олар ғаламдық ақпарат ағынында өсіп жатыр. Мен олардың талғамымен есептесу үшін мәтіннің динамикасына қатты мән беремін. Оқиға тез дамуы керек, визуалды бейнелер қанық болуы тиіс. Кітаптың көркемділігі мен дизайны да заманауи трендтерге сай болуы шарт. Біз олардың назары үшін телефондағы түрлі-түсті ойындармен



бәсекеге түсіп жатқанымызды ұмытпауымыз керек.

– Бүгінгі ата-аналар мен мұғалімдер балаларға кітап оқытуда, олардың әдеби талғамын қалыптастыруда қандай жүйелі қателіктер жіберіп жүр?

– Ең басты қателік – мәжбүрлеу. Кітап оқуды жазаға немесе міндетті үкімге айналдыру. «Телефонды қой да, 10 бет кітап оқы!» деп жеку. Бұл баланың бойында кітапқа деген жиіркеніш тудырады. Кітап оқу отбасылық жағымды ритуалға, қуанышқа айналуы керек. Екінші қателік – баланың таңдауын шектеу. Ата-аналар өздерінің

балалық шағындағы кітаптарды оқытуға тырысады. Ол кітаптар жақсы, бірақ заман өзгерді. Балаға өз қызығушылығына сай кітап таңдауға еркіндік беріп, талғамын бағыттап отырған жөн.

– Қазіргі отандық балалар әдебиетінде қандай тақырыптар әлі де болса ашылмай жатыр, қандай бағыттар жетіспейді деп есептейсіз?


– Бізде эмоционалды интеллектіні дамытатын, баланың ішкі қорқыныштарымен, замандастар арасындағы буллингпен жұмыс істейтін шығармалар өте аз. Экологиялық тәрбие, табиғат пен адамның тұтастығы тақырыбы да үстірт айтылады. Сонымен қатар қазақ тіліндегі заманауи фэнтези, детектив және ғылыми-фантастикалық бағыттар мүлдем кенжелеп тұр. Балалар тек батырлар жырын немесе классикалық ауыл өмірін ғана емес, ғарышты, болашақты, роботтар мен сиквелдер әлемді де өз ана тілінде оқығысы келеді.

– Қазақ балалар әдебиеті әлемдік деңгейге шығуы, бәсекеге қабілетті брендке айналуы үшін бізге бүгін не жетіспейді: сапалы аударма ма, маркетинг пе, әлде концептуалды идея ма?

– Бізде концептуалды идеялар бар, бірақ ең бірінші заманауи маркетинг пен сапалы менеджмент жетіспейді. Кітапты тек жазып, басып шығару жеткіліксіз. Оны өнім ретінде қаптау, бренд қалыптастыру, анимациямен, ойыншықтармен байланыстыру кенже қалған сала.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан София ХАЙРУЛЛА



## ҚАМҚОРЛЫҚҚА БӨЛЕГЕН МЕРЕКЕ

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай «Отбасы» орталығында «Бала – барын, өмір – нәрі» атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Ігі бастама «Атамекен» балалар ауылының тәрбиеленушілеріне арналды.

Жаздың алғашқы күнінде балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауды мақсат еткен шараға 52 тәрбиеленуші қатысты. Мерекелік бағдарлама аясында дастархан жайылып, аниматорлар түрлі ойындар өткізді. Сондай-ақ балалар аквагимн шеберлерінің өнерін тамашалап, ашық аспан астында көкке шар ұшыру рәсіміне қатысты.

Шараның жоғары деңгейде өтуіне бірқатар кәсіпорындар мен демеушілер қолдау көрсетті. Атап айтқанда, «Bellissimo Pizza», «Шин-Лайн», «Qyzylorda Nap» компаниялары, «Стандарт» жарнама агенттігі және «Creative Orga» бизнес клубының кәсіпкерлері балаларға тәтті сыйлықтар таратып, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

«Отбасы» және «Анаға тағзым» орталығы директорының орынбасары Жасұлан Алдабергенов мұндай кездесулердің тәрбиелік маңызына тоқталды.

– Біздің басты мақсатымыз – балаларға қамқорлық көрсетіп, олардың қоғамнан тыс қалмағанын сезіндіру. Біз «Атамекен» балалар ауылымен тұрақты түрде жұмыс жүргізіп келеміз. Түрлі семинар-тренингтер ұйымдастырып, танымдық жобалар арқылы қолдау білдірілеміз. Өйткені ел болашағы – бүгінгі жас ұрпақ, – деді ол.

Өз кезегінде «Атамекен» балалар ауылы директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ақнұр Жүсіпбекова мұндай шаралардың балалардың өмірге деген сенімін арттыратынын айтты.

– Осындай кездесулер тәрбиеленушілерімізге өздерінің қоғам үшін маңызды екенін сезінуге мүмкіндік береді. Әр бала қамқорлық пен бақытқа лайық, – деді ол.

Мереке соңында балалар ұйымдастырушыларға алғысын білдіріп, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

Бала қуанышы – қоғамның мерейі. Осындай қайырымдылық пен мейірімге толы іс-шаралар өскелең ұрпақтың жүрегіне сенім ұялатып, жарқын болашаққа деген үмітін нығайта түседі.

Наркыз БЕКМЫРЗА

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1 курс студенті



## СПОРТТЫ ЖАНЫНА СЕРІК ЕТКЕН

Қазіргі таңда спорт саласында ел намысын қорғап жүрген жасөспірімдер аз емес. Солардың бірі – қазақ күресімен айналысып жүрген жас палуан Әбілмансұр Жомартұлы. Ол Қызылорда қаласында туып-өскен және қазіргі таңда да туған қаласында тұрады. Әбілмансұр дарынды балаларға арналған «Абай» атындағы мектепте білім алады. Ол бала кезінен белсенді, еңбекқор болып өсті. Спортқа деген қызығушылығы ерте оянған Әбілмансұрды 7 жасынан бастап әкесі спортқа баулыған. Ұлының бойындағы қабілетін байқап, қазақ күресіне жетелеген. Сол кезден бастап Әбілмансұр жаттығуды күнделікті әдетіне айналдыра бастайды.

Қазақ күресі – күштілікті, батылдықты және төзімділікті талап ететін ұлттық спорт. Бұл спортта жеңіске жету үшін тек физикалық дайындық емес, мінездің мықтылығы да қажет. Әбілмансұр осы қасиеттерді бойына сіңіріп, жас болса да үлкен жарыстарда жақсы нәтиже көрсетіп келеді. Бапкерлері де оның еңбекқорлығы мен жеңіске деген жігерін ерекше бағалайды. Бапкері Шүкір Аязбек Әбілмансұрдың спорттағы қабілетін ерте байқап, оны жүйелі түрде дайындап келеді. Әр жаттығуда шәкіртінің техникасын дамытып қана қоймай, бағыт-бағдар беретін тәлімгер ретінде де қолдау көрсетіп келеді. Қазіргі таңда жас палуан «Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде» жаттығып, шеберлігін шыңдап жүр.

Жас палуан облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарға қатысып, өзінің мықты спортшы екенін дәлелдеп келеді. Ол көптеген облыстық жарыста жүлделі орындарды иеленіп, жанкүйерлер мен бапкерлердің сеніміне ие болды. Әсіресе Қазақстан Республикасы чемпионатының іріктеу кезеңінде П орын алып жас спортшы үшін үлкен жетістікке жетті.

– Жарыстарда өзіміздің дайындығымыз мен шеберлігімізді көрсеттім. Жаттығуда жеңіл жол іздемеймін. Әр жарысқа тыңғылықты дайындалып, қателігімізді түзеуге тырысамын. Ендігі арманым – халықаралық жарыстарда Қазақстанның көк туын көтеріп, ел намысын қорғау. Спорт адамды тек физикалық тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да шыңдап, сабырлық пен шыдамдылықты үйретеді, – дейді спортшы.

Осындай табандылықтың нәтижесінде Әбілмансұр Жомартұлы небәрі 13 жасында спорт шеберінің кандидаты атағына ие болды. Әбілмансұр сабақ пен спортты қатар алып жүруге тырысады. Мұғалімдері оның тәртіпті, әрі алғыр оқушы екенін айтады.



Қазақ күресі – халқымыздың ұлттық мақтанышы. Осындай ұлттық спортты дамытып жүрген жастар еліміздің болашағы саналады. Әбілмансұр да қазақ күресін жаңа деңгейге көтеріп, ұлттық спорттың дамуына үлес қосуды армандайды. Қазіргі таңда жастардың спортқа деген қызығушылығы артып келеді. Әбілмансұр Жомартұлы секілді талапты жастар көпшілікке үлгі бола алады. Оның жетістіктері көптеген балаларға жігер беріп, армандарына сеніммен қарауға шабыттандырады. Әбілмансұрдың спорттағы жетістіктері де осының дәлелі. Еңбек пен табандылық бар жерде үлкен жетістікке жетуге болатынын жас палуан өз ісімен дәлелдеп келеді. Болашақта оның қазақ елінің атын әлемге танытатын чемпиондардың бірі болатынына сенеміз.

Айшабибі ЖУМАН

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 1 курс студенті

Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» басып үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68  
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.  
Таралымы 3858 Тапсырыс №1004

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА